

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ "ҚАЗАҚКИНО" МЕМЛЕКЕТТІК КИНОКОМПАНИЯСЫ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 7 қаңтар N 40. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1996.06.18. N 749 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ мемлекеттік кинобейнефильмдер шығару, жалға беру және көрсету жөніндегі концернді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы ("Қазақкино" мемкомпаниясы) етіп қайта құру туралы" 1993 жылғы 3 қыркүйектегі N 1343 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясы ("Қазақкино" мемкинокомпаниясы) Қазақстан Республикасының кинематография саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады деп белгіленсін.

2. "Қазақкино" мемкинокомпаниясына:

ұлттық кинематографияны дамытудың негізгі бағыттарын, перспективалық және ағымдағы бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыру;

жергілікті әкімдермен келісім бойынша облыстық, Алматы және Ленинск қалалық кинобейне қызметін көрсету жөніндегі басқармаларды құру және олардың басшыларын тағайындау; кинематография объектілерін аймақтық орналастыру мен дамыту мәселелерін шешу;

мемлекеттік органдарда халықаралық байланыстарда ұлттық кинематографияның мүдделерін білдіру осы салада шарттар мен келісімдер жасасу, халықаралық кинофестивальдар өткізу;

өз қарамағындағы кинобейне кәсіпорындары қызметінің құқықтық, ұйымдық-әдістемелік және экономикалық негіздерін анықтау, олардың қаржы-шаруашылық қызметін бақылап, талдау жасау;

кадрларды орналастыру, даярлау және қайта даярлау, соның ішінде шетелдерде даярлау жүктелсін.

3. "Қазақкино" мемкинокомпаниясының орталық аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындар мемлекеттік басқару органдарын ұстауға жұмсалатын республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен, ал кинематографияның жергілікті органдарын ұстауға - тиісті облыстық, қалалық, аудандық бюджеттер

қаражаты есебінен қаржыландырылады.

4. Барлық жанрдағы кинобейнефильмдердің таңдаулы жобаларын іріктеп алу үшін "Қазақкино" мемкинокомпаниясының жанынан кинематографияның жетекші шығармашылық қызметкерлері мен көрнекті мәдениет қайраткерлері арасынан конкурс комиссиясын құру орынды деп танылсын.

5. "Қазақкино" мемкинокомпаниясын Төраға басқарады, ол құқықтары мен міндеттері, материалдық-тұрмыстық, медициналық және көлік қызметі жағынан министрліктің басшысына, ал Төраға орынбасарларының лауазымы республика министрі орынбасарларының лауазымына теңестіріледі.

6. "Қазақкино" мемкинокомпаниясының орталық аппаратындағы адам саны 42, Төрағаның 3 орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары, сондай-ақ 9 адамнан құрылатын алқа болады деп белгіленсін.

"Қазақкино" мемкинокомпаниясының Төрағасына белгіленген адам саны мен еңбекақы қоры шегінде "Қазақкино" мемкинокомпаниясының құрылымы мен штатын бекіту құқы берілсін.

"Қазақкино" мемкинокомпаниясының құрамына кіретін бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын "Қазақкино" мемкинокомпаниясының Төрағасы тағайындайды және бекітеді.

7. "Қазақкино" мемкинокомпаниясына қызмет бабындағы 4 жеңіл автокөлік лимиті берілсін.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын жобалар мен бюджетті әзірлегенде "Қазақкино" мемкинокомпаниясына Алматы қаласында үлестік негізде тұрғын үй салу және оның материалдық-техникалық базасын нығайту үшін қаражат бөлуді көздейтін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақкино" мемкинокомпаниясын ол орналасқан ғимаратта қосымша қызмет алаңымен қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі бұрын кинематография саласына тиесілі болған мамандандырылған автокөлік кәсіпорнын 1994 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша "Қазақкино" мемкинокомпаниясына қайтарып берсін.

11. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі, "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы "Қазақкино" мемкинокомпаниясына үкімет байланысының телефон және телекс желілерін, іс техникасы мен басқа да қажетті жабдықтар мен материалдарды өтініміне сәйкес бөлсін.

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақкино" мемкинокомпаниясына оның құрамына кіретін бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың және "Қазкинобөлшек"

акционерлік қоғамының мемлекеттік мүлік иелену, пайдалану және басқару құқығын берсін.

13. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы "Қазақкино" концерні жасасқан шарттар мен контракттардан туындайтын міндеттемелер бойынша мұрагер деп есептелсін.

14. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы

"Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясы ("Қазақкино" мемкинокомпаниясы) туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін;

"Қазақкино" мемкинокомпаниясының құрамына кіретін бірлестіктердің кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

15. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақ мемлекеттік кинобейнефильмдер шығару, жалға беру және көрсету жөніндегі концернді ("Қазақкино" концерні) құру туралы" 1992 жылғы 4 ақпандағы N 94 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 5, 87-бап) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 7 қаңтардағы

N 40 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті
жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясы

("Қазақкино" мемкинокомпаниясы) туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы (бұдан әрі - "Қазақкино" мемкинокомпаниясы) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ мемлекеттік кинобейнефильмдер шығару, жалға беру және көрсету жөніндегі концернді Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы етіп қайта құру туралы" ("Қазақкино" мемлекеттік компаниясы) 1993 жылғы 3 қыркүйектегі N 1343 Жарлығына сәйкес құрылды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруының орталық органы құқында жұмыс істейді.

2. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

3. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы жергілікті әкімшіліктер жанындағы кинематография органдарымен бірге және өз құрамына кіретін республикалық және басқа кинобейнебірлестіктерімен, кәсіпорындармен және ұйымдармен республиканың бірыңғай кинематография жүйесін құрайды.

4. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті берген құқыққа сәйкес өз құрамына кіретін бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың және "Қазақкинобөлшек" акционерлік қоғамының мемлекеттік мүлкін иеленуді, пайдалануды және басқаруды жүзеге асырады.

II. "Қазақкино" мемкинокомпаниясының міндеттері, қызметі және құқықтары

5. "Қазақкино" мемкинокомпаниясының негізгі міндеттері:
- республика кинематографиясын жалпы ұлттық құрылым ретінде дамытудың ағымдағы және перспективалық бағдарламалары мен негізгі бағыттарын қалыптастыру;
 - аудандық, қалалық, облыстық, республикалық және мемлекетаралық кинобейне ұйымдарының жұмысын, олардың ТМД елдерінің және басқа мемлекеттердің кинематография органдарымен өзара іс-қимылдарын үйлестіру;
 - кинобейнефильмдер шығару, оларды шетелдерге және республика аумағында тарату үшін ұйымдық, өндірістік және экономикалық жағдайлар жасау;
 - кинобейне шығармалардың жоғары кәсіби және көркемдік дәрежесін қамтамасыз етіп, республиканың мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуына олардың тигізетін ықпалын күшейту;
 - жасалатын кинобейне фильмдерде тәуелсіз мемлекет ретіндегі республиканың мемлекеттік және қоғамдық өмірін терең және жан-жақты көрсету, рухани прогресс пен ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігіне, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылу шеңберін кеңейтуге, Қазақстан

халықтарының ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға және олардың мәдениеттерін дамытуға жәрдемдесу, жалпы адамзаттық игіліктерді бағдар ету;

- бірыңғай репертуар саясатын қалыптастыру;
- бірыңғай техникалық саясат жүргізу, кино саласында ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- кинематографияны дамытудың басым бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру;
- республика кинематографиясы мемлекеттік органдарының қызметін құқықтық жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру.

6. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы негізгі міндеттеріне сәйкес мынандай қызметті жүзеге асырады:

- көркем, балаларға арналған, деректі-құжатты, ғылыми-көпшілік, мультипликациялық фильмдер шығаруға әлеуметтік-шығармашылық тапсырыстарды қалыптастырып, оларды кинобейне студияларға конкурстік негізде береді;
- меншік түріне қарамастан кино және бейнефильмдерді жалға беру құқына рұқсат куәлігін береді;
- кинобейнекәсіпорындарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүргізуді жүзеге асырады, нарықтың құбылмалығын, халықтың кинобейнеұйымдары көрсететін қызметтің сапасына деген талаптарын зерттейді;
- кино ұйымдарының ведомстволық бағыныстылығына қарамастан киноқондырғыларды және басқа кинобейнекәсіпорындарды пайдаланудың бірыңғай техникалық нормалары мен ережелерін әзірлеп, олардың орындалуын бақылайды;
- кадр саясатын, кино өндірісі мен кино жүйесінің қажеттеріне сәйкес кинематография мамандықтарының кадрларын даярлауды айқындап, жүзеге асырады;
- халықтың ұлттық рухани байлығы мен оның мәдени мұрасының бөлігі ретінде киноөнері туындыларының қорын іріктеу, қалыптастыру және сақтау жөніндегі мемлекеттік функцияны жүзеге асырады;
- кинематографияны экономикалық және әлеуметтік дамытудың бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асырады, нысаналы кино бағдарламалар мен жобаларға бөлінетін республикалық бюджет қаржысын үлестіреді, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылайды;
- республика кинематографиясын дамыту жөнінде инвестициялық саясат жүргізеді, жаңа кәсіпорындар, ассоциациялар, акционерлік компаниялар, оның ішінде шетелдік серіктердің қатысуымен, құрады;
- баспагерлік қызметті жүзеге асырады, ақпараттық-жарнама өнімін

шығарады;

- кинематография объектілерін, тұрғын үйлер салу жөнінде тапсырыс берушінің міндетін жүзеге асырады, шаруашылық әдіспен жүргізілетін құрылысты дамытуға жәрдемдеседі;

- кинематографиядағы қызметтің барлық түрлерін құқықтық реттеудің негіздерін әзірлеуге қатысады; авторлық құқықтың және дыбысты-көріністі шығармаға иелік құқықтарын, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, кинематография қызметкерлері мен кино көрермендерінің мүдделерін қорғауға жәрдемдеседі;

- негізгі мақсаттар мен міндеттерді орындауға, материалдық-техникалық базаны дамытуға жәрдемдесетін басқа қызметті жүзеге асырады.

Өзіне жүктелген мақсаттар мен міндеттерді атқарғанда, "Қазақкино" мемкинокомпаниясы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқарудың орталық органдарына берілген басқа құқықтарды пайдаланады.

III. "Қазақкино" мемкинокомпаниясының мүлкі және қоры

7. "Қазақкино" мемкинокомпаниясының мүлкі мен қорына негізгі және айналымдағы қаржылар, бағасы мемкинокомпанияның дербес балансында көрсетілген басқа да құндылықтар, сондай-ақ кинодағы авторлық құқықпен қорғалатын зерделік меншік жатады.

8. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы және оның құрамына кіретін бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар өз қызметін:

- сеанстарға кинобейне билеттерін сатудан алынған қаржы, сондай-ақ сеанстан тысқары жүргізілетін бұқаралық шаралардан түсетін қаржы;

- кинобейнефильмдерді сату, өнеркәсіптік және басқа қызметтен, ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаржы;

- кинобейнефильмдерді жалға беруден түсетін қаржы;

- кәсіпорындардың, ұйымдардың және жекелеген азаматтардың ерікті жарналары;

- республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржылары;

- басқа түсімдер есебінен атқарады.

9. Еңбекке ақы төлеудің түрлерін, жүйелері мен мөлшерін, сондай-ақ сала бірлестіктерінің, кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлері табысының басқа түрлерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өздері белгілейді.

10. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы белгіленген тәртіп бойынша бухгалтерлік, жедел есеп жүргізеді, статистикалық есеп жасап, тапсырады, есеп пен баланстың нақтылығын қамтамасыз етеді.

11. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы өзіне бағынышты бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін талдап, бақылайды.

IV. "Қазақкино" мемкинокомпаниясын басқару

12. "Қазақкино" мемкинокомпаниясын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын Төраға басқарады.

"Қазақкино" мемкинокомпаниясы Төрағасының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын орынбасарлары болады. Орынбасарлар арасындағы міндеттері "Қазақкино" мемкинокомпаниясының Төрағасы белгілеп береді.

13. "Қазақкино" мемкинокомпаниясының Төрағасы кинокомпанияның қызметіне басшылық етеді, оған жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуына тікелей жауап береді. Төраға орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелердің, сондай-ақ кинокомпанияның құрамына кіретін бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының жауапкершілігі деңгейін белгілейді.

"Қазақкино" мемкинокомпания Төрағасы өз құзырының шеңберінде бұйрықтар мен нұсқамалар шығарады, олардың орындалуын тексереді; орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын, сондай-ақ "Қазақкино" мемкинокомпаниясының құрамына кіретін бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындап бекітеді және қызметтен босатады.

14. "Қазақкино" мемкинокомпаниясында құрамына Төраға, оның орынбасарлары және кино саласының басқа да қызметкерлері кіретін алқа құрылады.

Алқаны мемкинокомпаниясының Төрағасы басқарады. Алқаның мүшелерін мемкинокомпания Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Алқа өзінің тұрақты өткізілетін мәжілістерінде кинематографияны дамытудың және "Қазақкино" мемкинокомпаниясының қызметін жетілдірудің перспективалы және өзекті мәселелерін талқылайды.

Алқаның шешімдері әдетте мемкинокомпаниясы Төрағасының бұйрығы арқылы іске асырылады.

V. "Қазақкино" мемкинокомпаниясын қайта құру және тарату

15. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы Қазақстан Республикасының

қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қайта құрылады және таратылады.

16. "Қазақкино" мемкинокомпаниясы заңды тұлға болып табылады, оның өз шоттары, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі, фирмалық белгісі мен эмблемасы болады.

"Қазақкино" мемкинокомпаниясының орналасқан жері және заңды мекен-жайы: 480091, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 93/95.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 7 қаңтардағы
N 40 қаулысына
Қосымша

"Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясының құрамына

кіретін бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың
Тізбесі

Ш.Айманов атындағы киностудия

"Қазкинопрокат" республикалық өндірістік бірлестігі

"Қазкинобөлшек" акционерлік қоғамы

Республикалық киноматериалдық база

Мамандандырылған автокөлік кәсіпорны

Киноқызметкерлерінің біліктілігін арттыратын жоғары курстар

"Қазақинфильм" сыртқы экономикалық бірлестігі

"Қазақкинофест" халықаралық кинофестивальдардың бас дирекциясы

"Азия кино" журналының редакциясы

Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық кинобейнебірлестіктері (басқармалары) мемлекеттік кинотеатрлармен, киноқондырғылармен, кинофильмдерді жалға беру ұйымдарымен, киноқондырғыларды жөндеу, техникалық жабдықтау кәсіпорындарымен, бейнеханалармен және бейнежайлармен бірге.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК